

Пробация қызметінің есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 14/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 наурызда № 5754 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 19/06 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 04.04.2025 № 19/06 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 7), 8) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

1) Абай ауданында қылмыстық - атқару жүйесінің пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының тізімдік санының 1% мөлшерінде 1 қосымшаға сәйкес;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының тізімдік санының 1% мөлшерінде 2 қосымшаға сәйкес.

2. Абай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 08/01 "Пробация қызметінің есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан

босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысы күшін жойған болып танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5202 болып тіркелген, 2019 жылғы 02 науырыздағы № 10 (4248) "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде 2019 жылғы 05 науырызда электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі

Б. Асанов

Абай ауданының
әкімдігі
2020 жылғы 19 наурызы
№ 14/01
Қаулысы 1 қосымша

Қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленетін Абай ауданының ұйымдарының тізімі

№ p/c	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квоталанған жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Волынский" агроөнеркәсіптік кешені жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	106	1
2	"Караганданеруд" акционерлік қоғамы	105	1
3	"Агрофирма Курма" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	105	1

Абай ауданының
әкімдігі
2020 жылғы 19 наурызы
№ 14/01
Қаулысы 2 қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленетін Абай ауданының ұйымдарының тізімі

№ p/c	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квоталанған жұмыс орындарының саны (бірлік)

1	"Теміртау электр металлургиялық комбинаты" тау-кен басқармасы	102	1
2	"Волынский" агроөнеркәсіптік кешені жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	106	1
3	"Абай қаласына орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	111	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК